



«ҚАЗАҚША САЙРА-2014»

Рахымжан Отарбаев

Әңгімелер жинағы (қазақ және орыс тілінде)

ПЕРІШТЕЛЕР ҰЙЫҚТАМАЙДЫ

Электрондық оқулық

Рахимжан Отарбаев

Сборник рассказов (на казахском и русском языках)

АНГЕЛЫ НЕ СПЯТ

Электронная книга

Қазақстанда кеңінен танымал прозашы, драматург Рахымжан Отарбаевтың әңгімелер жинағын біріктіретін «Періштелер ұйықтамайды» кітабы Академик З.Қабдолов атындағы қордың (әдеби-тарихи мәдени «Алшы» қорымен серіктестік негізінде) атыраулық жазушылардың электрондық кітапханасын екі тілде қалыптастырудағы кезекті үлесі болып табылады.

Бастапқыда кітаптың түпнұсқалық мәтіні қазақ тілінде жазылып, барлық шығармаларды жазушы, ақын, Бекет Қарашин (он сегіз әңгіме) және аудармашы Қалиолла Байменов тәржімалаған (соңғы он әңгіме)

Осылайша, кітаптың барлық мәтінін лексикалық білім аспектісін орындауға қабілетті біртұтас көркем сөздік-аудармашы қызметінде деуге болады. Яғни, мазмұн екі тілге аударылып, мәтіннің түпнұсқасы іспетті кіріктірілген интерактивті сөздіктің қызметін атқарады, сондай-ақ, жинақты оқу кезінде онлайн режимінде орыс тілінен қазақ тіліне және керісінше аударма жасауға мүмкіндік береді.

Кітап үлгісі электрондық кітаптарды пайдаланушылар арасында бүкіл әлемде кеңінен таралған iPad және Android тұғырнамаларымен біріктірілген, яғни олар электрондық әдебиеттің барлық дерлік ридерлер типін тұтынушыларға қолжетімді етуге мүмкіндік жасайды.

Жинақ тізбектеу арқылы жалпы қолжетімді әдеби серверлерде, танымал ақпараттық және әлеуметтік желілерде, Қабдолов қорының сайтында, жобаның арнаулы сайтында, сондай-ақ серіктестердің, жазушылар одағы мен әдеби клубтардың электрондық пошталарына жіберу арқылы таратылады. Кітапты жүктеп алу тегін.

Аталған кітап Академик З.Қабдолов атындағы қордың «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014» жобасы бойынша «Теңізшевройл» ЖШС-нің қаржылай демеушілігі негізінде шығарылған. Ол қазақ тілін үйренуге ынталы көпшілік оқырманға арналған.

Редакциялық алқа:

Бас редактор - Бекет Қарашин;

Редакторлар – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин;

аудармашылар – Б. Қарашин, Қ.Байменов;

Құрастырушы - Бекет Қарашин

Кітапты беттеуші және дизайнер – И. Борзых

Книга «Ангелы не спят», представляющая собой сборник рассказов широко известного в Казахстане прозаика и драматурга Рахимжана Отарбаева, является очередным вкладом фонда им. академика Кабдолова (в партнёрстве с Литературно-историческим культурным фондом «Алшы») в формирование уникальной электронной библиотеки атырауских писателей на двух языках.

Оригинальный текст книги был изначально казахским. Все произведения претерпели процесс перевода в исполнении писателя и поэта Бекета Карашина (восемнадцать рассказов) и переводчика Калиоллы Байменова (десять последних рассказов)

Таким образом, весь текст книги представляет собой единый художественный словарь-переводчик, способный выполнять образовательный аспект. То есть содержание лексически адекватно дублируется на двух языках, представляя собой как текст оригинала, так и встроенный интерактивный словарь, который позволяет в процессе чтения в он-лайн режиме получить перевод с русского на казахский, и наоборот.

Формат книги совмещается с наиболее распространенными среди пользователей электронных книг во всём мире платформами iPad и Android, что делает ее доступной пользователям практически всех типов ридеров электронной литературы.

Сборник распространяется посредством выкладки на общедоступных литературных серверах, в популярных информационных и социальных сетях, на сайте фонда Кабдолова, специализированном сайте проекта, а также многочисленных рассылок по электронным адресам партнёров, писательских союзов и литературных клубов. Скачивание книги бесплатное.

Книга издана на инвестиционные средства ТОО ТШО по проекту фонда имени академика Зейноллы Кабдолова «Қ@З@ҚШ@ С@ЙР@-2014». Она предназначена для широкого круга читателей и масс, заинтересованных изучить казахский язык.

Редакционная коллегия:

Главный редактор - Бекет Карашин,

Редакторы – Габит Молдамұрат, Г. Пряхин (Москва)

Переводчики - Б. Карашин и К. Байменов;

составитель – Б. Карашин,

Верстальщик и дизайнер – Ирина Борзых





РАХИМЖАН ОТАРБАЕВ

Отарбаев Рахымжан - 19/10/1956 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданында туған.

Отарбаев Рахимжан - родился 19/10/ 1956 года в Курмангазинском районе Атырауской области.

1977 жылы Орал педагогикалық институтын бітірген. Әр жылдарда «Орал өңірі» газетінде тілші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақ телерадиокомитетінде редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жалын» альманахында бөлім меңгерушісі, Қырғызстанда Қазақстан елшілігінің аттасесі, Маңғыстау облыстық телерадио компаниясының төрағасы, Атырау облыстық драма театрының директоры, ҚР Президенті Әкімшілігінде сектор меңгерушісі қызметтерінде болған. Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхананың Бас директоры болып істеген.

В 1977 году окончил Уральский педагогич. институт. В разные годы работал корреспондентом в газете «Орал өңірі», учителем казахского языка и литературы, редактором в казахском комитете телерадио, в газете «Қазақ әдебиеті», заведующим отдела в альманахе «Жалын», атташе посольства Казахстана в Киргизии, Председателем компании радио-телевидение Мангистауской области, директором театра драмы Атырауской области, заведующим сектора Администрации Президента РК, Генеральным директором национальной академической библиотеки.

Шығармашылығы:

Жазушының әр жылдары «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Аспандағы ақ көбелектер, Біздің ауылдың амазонкалары, Айна-ғұмыр, «Отверженный мир» атты прозалық жинақтары және таңдамалы шығармаларының 2 томдығы жарық көрген. Қытайдың «Ұлттар» баспасынан қытай, қазақ тілінде 2 томдығы, Ресейдің «Художественная литература» баспасынан орыс тілінде бір томдығы және «Проводник судьбы» жинағы жарық көрген. Жекелеген шығармала-

Творчество:

В разные годы были опубликованы его прозаические сборники: «Шер», «Жұлдыздар құлаған жер», «Жайық жыры», «Қараша қаздар қайтқанда», «Дауысыңды естідім», «Отверженный мир» и 2 тома избранных произведений. Издательство «Ұлттар» в Китае выпустило двухтомник на казахском языке, издательство «Художественная литература» в России выпустило однотомник на русском, а также сборник «Проводник судьбы». Отдельные произведения издавались на итальянском, английском, французском языках. В изда-

ры итальян түрік, ағылшын, француз тілдерінде басылған. «Каир» баспасынан «Соғыстың соңғы бомбасы» деген атпен 1 томдығы араб тілінде жарияланды. Көптеген пьесалары республикалық және шетел театрларында сахналанған.

Атақтары:

Махамбет сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық Шыңғыс Айтматов сыйлығының лауреаты, халықаралық «Академик Зейнолла Қабдолов марапатының» иегері, «Парасат» орденінің иегері, «Атырау қаласының құрметті азаматы»

тельстве «Каир» была издана книга «Последняя бомба войны». Множество Пьес Рахимжана Отарбаева было поставлено республиканскими и зарубежными театрами.

Награды и звания:

Лауреат премии имени Махамбета, лауреат Международной премии имени Чингиза Айтматова, Заслуженный деятель РК, обладатель международной награды им. Академика З. Кабдолова, Обладатель ордена «Парасат», «Почётный гражданин города Атырау».





ТОҚТЫШАҚ

Наурыздың шағырмақ күні мен өкпек желі сіре қардың көбесін екеулеп сөгіп жатты. Тоннан босаған жердің ажары анық кірмегенімен алакөбеңденіп қалған.

Теңіздің қуысында камалған төрт-бес үйді қоршап алғысы келгендей жағалауды көмкере біткен нар камыстар үкілі басын тербеп, баяу сыбдырайды.

Қалың арасынан жылт етіп көрінген ашөзек түлкі ауыл жаққа тұмсығын төсеп иіс аулағанымен, көңілін жұбата алмай, қозы-лақ ойнаған қораны төңіректейді.

Тоқтышақ қарға аунай-аунай жоны өрттей боп жанып бара жатқан түлкіні бұ жолы да аңдап қалды.

– Әжем қорада жүр. Өскен соң қақпан құрып ұстап аласың деді. Әзірге жүре тұр, – деді бүлкіл қағып бара жатқан түлкіге торша бала тіл қатып.

ТОҚТЫШАҚ

Мартовское солнце и холодный ветер разрывали с двух сторон снежный наст. Хотя земля, освобождающаяся от промерзшего грунта, еще не обрела красивый, оживленный вид, но уже разнообразилась.

Охватившие все побережье густо растущие и толстые камыши, качая пушистыми головками, словно желая затянуться петлей вокруг пяти-шести домов, запертых у самого моря, тихо шелестели.

Показавшаяся мельком в этой камышовой гуще голодная лиса приняховилась, направив мордочку в сторону аула, но, не удовлетворившись этим, порыскала в сторону загона для ягнят и козлят.

Тоқтышақ и на этот раз заметил эту лису, шкура которой, обвалывшись на снегу, горела, как огонь.

- Бабушка ходит в скотном дворе. Сказала: когда вырастешь, – поставишь капкан и поймаешь. А пока поживи, – обращался к бегущей лисе маленький мальчик.



– «Қаладағы бай шыдатпай жүрген шешене жібер. Төбесі жұқарып, миы сұйылған. Малақай істеп кисін», – деді әжем.

Омыраудан шығысымен әжесінің әлдіімен өскен Тоқтышак өз әкесін түстеп танымайды. Шешесі бірде: «Байқамалпын, мінезсіз ит екен. Қызғаншақ, іші тар боп шықты», – деп отырған.

Келесі жаз жанына жылмаң қаққан көсені ертіп келді.

Тағы бір көктемде мұртын сылаған сырбазбен, қысқа салым, соғым соярада, қаба сақал қарамен оралды.

Кейін әжесіне сәлем айтыпты: «Қазаққа күйеуге тиіп болдым. Енді саудаға басы бүтін кірістім», – деп.

Дүкен ұстайтын шығар...

Сәске кезінде қорадан оң аяғын билете басып ақсақ кемпір шықты. Жаулығы ағараңдап теңіз қуысында түтін басы бірікпей бір-бірінен үркіп ұшқан төрт-бес үйге қарап әдетінше аңырап қоя берді.

– Қыз баққаннан қарға жиып бақсамшы... Бірінен тірілей, бірінен өлілей ай-ры-леп...

Кемпірдің ащы зары бұйығы жатқан төрт-бес үйдің тәтті ұйқысын шошытып жібергендей.

Алдымен ақ шатырлы көрші үйден шаң-шұң ұрыс шықты. Монтер ағасы мен қайыстай кара қатыны-дағы тағы қаймалдасып жатқан. Әдеттегідей, соңы қашты-қудыға ұласпай, өрт тез сөнді. Қоламтасы қоздап, кешқұрым кері жалғасар.

Әжесі ұрысқақ қатынды жаратпай: «Тілі көсеудей, көсей-көсей есіл азаматты қор етті ғой», – деп тыжырынып қалатын.



- Отправь в город к своей матери, у которой мужа не задерживаются. Кожа на ее голове утонченная, оттого-то и мозги разжижены. Пусть сошьет себе шапку, – говорила бабушка.

Тоқтышак, росший с пеленок под опекой бабушки, не знал ничего о своем отце. Как-то мать рассказывала про него: «Не заметила вовремя, скверный был характер у этого пса. Ревнивый, мелочный оказался».

Следующим летом привела с собой какого-то безбородого, юркого пройдоху.

Как-то весной – кого-то замкнутого, все время гладившего усы, а осенью, когда забивали скот на зиму, появилась с черным типом с густой бордой.

Потом передала привет его бабушке: «Все, прекращаю выходить замуж за казахов, теперь полностью занялась торговлей».

Наверное, открыла магазин...

Поздним утром из скотного двора, приплясывая на правой ноге, вышла полухромая старуха. Белея своим платком и глядя на запертых у побережья пять-шесть домов, не объединенных, а отчужденных друг от друга, как всегда, заголосила:

- Чем воспитывать дочь, лучше бы я, собрав ворон, лелеяла их... Избавившись от одного живым, от другого – мертвым...

Похоже, причитания старушки похожие на завывания, испугав, оторвали от сладких снов съевшихся во сне пять-шесть домов.

Сначала из соседнего дома с белой крышей раздался шум-гам, ругань. Наверное, дядя-монтер со своей черной и сушенной, как ремень, женой опять что-то не поделили. Но ссора не продолжилась, как обычно, бегом с преследованием, – искры пожара погасли. Возобновившись, к вечеру, раздражение обязательно приведет к новой битве.

Бабушка его, возненавидев эту сварливую женщину, говорила: «Язык у нее словно кочерга, шуруя и шуруя им, совсем унизила несчастного мужа», – и всегда морщилась.



Оң жақтағы тоқал тамның есігі шалқасынан түсіп, іштен екі беті нарттай боп Пішенбай шықты. Көзі майланып жайнаң қағады.

– Тез жиналыңдар! Бураны пішеміз. Нәлеті!

Соңынан бұрынғы «пермі бастықтың» шалғайына опатылып Науқанбай шабарманның қолтоқпақтай басы қылтиды. Қоян бөркі ұйпа-тұйпа боп теріс айналып кетіпті.

– Обалы жоқ! – деп екіленді аузы жаялықтай боп.

– Қайрақ қайда?!

Тоқтышак ернін тістей алды.

Тоқал тамның иесі жадау шал-тын. Қақ-соққа қатысы жоқ, бар өмірі мал соңында өткен.

Жекешелендіру келіп тиіскенде үлес бұйырмай, ысқырып қана қайыратын уақ жандығы қалған. Есесіне Пішенбайдың көзі сол кезден бастап майланды десетін жұрт.

... Аңқау еді, жарықтық.

Төлді көп алған жылы ауданға әспеттеп шақырыпты. Алқалы жиын боп, ойдан-қырдан тәжірибе алмасамыз деп келгендер ығы-жығы дейді.

Бір домаланған бастық бала жадау шалды жетектеп апарып «ардагеріміз», «еңбек озатымыз» деп қолпаштап төрге оздырған. «Алдымен малды қалай жаясыз, өрісті қайтып жаңартасыз, соның сырын айтыңызшы», – деп тап бір қымбат құпияны біліп алғылары келгендей барлығы мұның аузын тосыпты.

Ғұмыры шаршы топқа түсіп мінбер мінбеген, бала-шағадан басқаға билік айтып көрмеген жадау шал не десін?..

– Осы отырғандарды бір отар қой дейтін болсақ, – деп залды оң қолымен орап өтіпті. – Түске дейін

Дверь, расположенного справа дома без кровли, распахнулась настежь, наружу вывалился Пшенбай с румяными щеками. Глаза его весело блеснули.

- Соберитесь быстро. Будем кастрировать буру. Черт!

Следом за бывшим «управляющим фермой», путаясь под его ногами, показалась похожая на дубину голова посыльного Науқанбая. Его помятая и всклокоченная заячья шапка была одета наоборот.

- Так ему и надо! – проговорил его раздвоенный рот, став величиной с тарелку.

– Где точило?!

Тоқтышак прикусил губу.

Хозяином дома без кровли был тощий старик, не имевший отношения к спорам-раздорам, всю жизнь ходивший за скотом.

Когда началась приватизация, доля ему не досталась, остались у него лишь несколько голов мелкого скота, которым можно было управлять даже свистом. Зато в то время, говорят, заблестели глаза Пшенбая.

... Наивным был покойный.

Когда с овцематок получил большой приплод, его с честью пригласили в райцентр. Состоялось торжественное собрание, со всех концов для обмена опытом собралось множество специалистов.

Один юркий молодой человек, взяв под руки тощего старика и представив его «ветераном», «передовиком производства», вывел на трибуну. «Сначала расскажите секреты того, как пасете скот, как обновляете пастбища», – обратились к нему, заглядывая в рот, словно все хотели узнать какую-то драгоценную тайну.

Что мог рассказать тощий старик, никогда в жизни не выступавший перед публикой, никому не отдававший приказов, кроме мелюзги, да кучки людишек.

- Если считать всех здесь сидящих за овец, – охватив жестом правой руки весь зал, – то до полудня



былай жаямын, – деп, күншығысты меңзейді.

– Көлеңке басы қысқарған кезде көлден суарамын. Өзім де кемпірімнің қаймақ қатқан қою шәйін терлеп-тепшіп ішіп аламын. Көз шырымын алып мызғимын. Сосын кешкі салқын түсе былай қарай өрістетемін, – деп күнбатысты көрсетеді.

Осы тұста мұны әспеттеп алға шығарған домаланған бастық бала даусы әлем-тапырық боп бажылдап жіберіпті.

– Жетті, ойбай! Енді қозыны қайтіп көп алып жүрсіз? Соны айтыңыз да, сөзді доғарыңыз!

– Е, қошқарларға кәтта обал болды, – дейді бұл қабағын шытып. – Күйегі алынып, күйлеген қойдың құйрығына бұрынғыдай жабысып жатпайды. Саулықтарым қазір де ғылыммен шағылысып жүр. Мауқы қанбайды. Көздері мөлііп тұрады. Қайтсін енді?! Сосын...

Әлгі домаланған бастық бала шиедей боп шыжбандап, қыран-топан күлкінің ортасынан мұны суырып алып, қойторысына әрең деп отырғызып жіберіпті.

Сөйткен жадау шалды бұрынғы «пермі бастық» қыстақ ауыстырамын деп көмекке шақырады. Жем мен сұлыға бөгіп, құйрығын теуіп тұрған мініс атын қимайды. Астына екі өркеші баладай бураны беріп бір қора сиыр айдатады.

Қаңтарда жарап, ақ жынын аспанға атып тұрған бура өркешінен мойны аспай қылқып отырған дәрменсіз жанды менсіне ме?

Қамшысын сауырлата берген шалдың қылығына алдымен шамданыпты. Бара-бара шын қайратына мініпті. Бейқамдығын бағып, иір-иір мойнын қайырып әкеліп қара саннан азуын салған. Тулақтай етін жұлып алып сонадай жерге лақтырған. Оған да құшыры қанбай, шөге қап төс табынымен езген.



пасу вот так, – говорил он, указывая на восток.

- Когда тени вконец сокращаются, – гоню их к озеру на водопой. И сам тоже, потя и пыхтя, пью из рук старухи крепкий чай с густым молоком. Потом, закрыв глаза, дремлю. Потом, как только наступает вечерняя прохлада, гоню стадо туда, – говорил, показывая рукой на запад.

В этот момент юркий молодой начальник, с почетом выведший его на трибуну, визгливо заверещал:

- Хватит, достаточно! Теперь расскажите, как вам удается получать столько ягнят, и на этом завершайте речь.

- Э, случку овец сейчас производят по науке. Баранов-самцов жалко, – сказал он, нахмурившись, – не липнут же, как раньше, к курдюкам уже оплодотворенных овецек. Стоят умоляюще, смотрят вожделенно. Что им делать-то. Потом...

Тот же самый юркий молодой начальник, вскипев, как вареная вишня, вытащил его из хохочущего зала, еле-еле посадив на гнедого коня, отправил домой.

Именно этого тощего старика бывший «управляющий фермой» призвал на помощь для перекочевки на зимовье. Пожалел свою лоснящуюся ездовую лошадь, вскормленную кормами и овсом. Дав ему буру, каждый горб которого был величиной с ребенка, поручил гнать целое стадо коров.

Разве мог вытерпеть тщедушного человечка, голова которого даже не выглядывала из-за горбов, готовый в январе к спариванию и оттого-то взъяренный бура?

Действия старика, пустившего свою камчу по крупу, явно не понравились верблюду, и он затаил обиду. Позже он выплеснул свою злобу. Дождавшись беспечности, повернув свою шею со складками, вцепился зубами за бедро. Вырвав его со спины, как высушенную шкуру, выбросил на приличное расстояние. Не уgomонившись и этим, присев на задние ноги, стал топтать его передними.



Ішек-қарынын шұбатып ақ қардың үстінде жантәсілім еткен әкесін көрген жалғыз ұлды содан бері желік кеуледі...

Шаңқ етіп ит үрді. Қара қанден екен. Бәкене тамның есігінен шапшып шығып көрші ауылға қарай көсілте салды.

Күндегісі осы. Жамиғаның иті. Жеңгесінің етегі қанамай күйеуімен ажырасып тынған. Әскербек болса көрші ауылдың кәрі қызына үйленіп сәби сүйіпті. Оны біліп жатқан бұл жоқ. Қолын жалатып өсірген ерлі-зайыптының неге енді екі жақта тұратынын түсінбей дал.

Алғашқыда ізім-қайым болған Әскербекті жоқтап әркімге бір жалтақтап бітті. Кейін ел ақтап жүріп иесін тапқан.

Содан бері қара қанденнің тірлігі кілт өзгерді. Жамиға жеңгесінің үйіне бір түнеп, көрші ауылға қарай сынық сүйемдей аяқтарын бауырына алып құйындатып бара жатқаны...

– Ақ торғындай еді-ау, қай-те-ен! – деген әже дауысы естілді. Күйік қақты кейуана әлсін-әлсін ішкі запыранын құспаса шері тарқамайды.

Тоқтышақтың сол ақ торғындай апасы былтыр көктемге салым тұрмысқа шыққан. Жездесі өткір көзді, қыр мұрынды әдемі жігіт екен. Теңіз қуысындағы төрт-бес үй өз етектеріне өздері сүрініп жүріп, әйтеуір, той ма, томалақ па – жасап ұзатқан.

Қуаныштары ұзаққа созылмады. Араға апта салып мұның ақ торғындай апасы пойызға өзін-өзі тастап өлді деген суық хабар жеткен. Жаласы күйеуінен деп ел шуласқан...

Жадау шалдың жалғыз ұлын тағы да есірік меңдеген екен. Үйінен жұлқынып шықты. Қарашығы ауып кеткен. Қолында селебе пышақ.

– Әкемнің қарасына соям деп алдап... Енді атан



Единственного сына, видевшего своего умерщвленного отца с разорванными внутренностями на снегу, охватила с тех пор невменяемость...

Визгливо залаяла собака. Черная шавка. Выскочив из дверей невысокого домика, помчалась в сторону соседнего аула.

И каждый день так. Собака Жамиги. Не окровавив свой подол, эта тетушка была разведена с мужем. Аскербек же, женившись на старой деве из соседнего аула, имел уже маленького ребенка. Об этом, конечно, собака не знала. Не могла понять, почему эта пара, руки которой она облизывала с момента появления на свет, живет теперь разъединённо, да в разных местах.

Вначале сильно тосковала. Скучая по Аскарбеку, подбегала к каждому, словно спрашивая о нем. Но потом, сопровождая людей во время праздников, нашла своего хозяина.

После этого жизнь черной моськи круто изменилась. Переночевав у тетушки Жамиги, наутро мчалась в сторону соседнего аула, выкидывая при беге ноги, похожие на обрубки, до груди...

- Была-то, как белый шелк, как мне быть-то? – раздался завывающий голос бабушки. Если изредка горюющая старая мать не изливала голосом свою беду, то ее внутренние муки не рассеивались.

Эта, «как белый шелк», сестра Тоқтышака к той весне вышла замуж. Зять их оказался горбоносый, красивым парнем, с пронзительным взглядом. Пять-шесть домов у побережья сами, спотыкаясь о свой подол, каким-то образом проведя то ли свадьбу, то ли круговую вечеринку, выдали ее замуж.

Радость их длилась недолго. Через неделю его «как белый шелк» сестра закончила жизнь самоубийством, бросившись под поезд. Вину аул свалил на ее мужа...

Единственный сын тощего старика снова впал в безумство. Выскочил из дома разъяренным. Зрачки его глаз выкатились из орбит. В руках у него был большой кухонный нож.

- Обманув, что принесет его в жертву на поминках



етем дейд! Әкемді өлтірген бура емес, Пішенбай!
Қазір өзін пішіп тастаймын. Жібер де жібер!

Бажылдап шалғайына жармасқан шешесін түйіп
тастап қораға ұмтылған...

Әжесінің созып салған зары да жағаласа шықты.

– Қайсыбірін ай-та-ен?!

Бұл күнде жұрт аузына қақпақ бар ма?

– Есіттің бе, әлгі жығылып жүріп той берген қызымыз неке түні қыңқ дей алмапты. Бетінің ажары жоқ екен. Шыдасын ба, өткір көзді, қыр мұрын әдемі жігіт ашуға тізгін беріпті. Ендеше деп... Жақтан олай бір тартып, былай бір тартып... Пұшайман болған қыз өз ұятына өзі пісіп құтпан айғырдай азынап бара жатқан пойызға жүгіріпті.

- Күйеу бала сотта міз бақпапты дейді. Айтқаны:

– Мен өзіме тиесіліні сұрадым, – депті. Ер екен...

– Араша, халқым!

Бес-алты еркектің ортасынан суырыла қашқан Пішенбай жанын аузына тістеп, құйын-перен қора айналып бара жатты.

Желігіп алған жалғыз ұл селебе пышағын сілтеп өкшелей түсті.

Бура мең-зең қалпы, омырауы ақкөбік боп күйіс қайырып тұр...

Өкпек жел тынып, аспанды қазбауыр бұлттар басынып алған. Шытыр жеген түйедей ыңыранып, бүйір тақастырып, жерге жақындай түсті. Сұрғылт ауа сыз бүркеді. Теңіздің қуысында қамалған төрт-бес үйді қоршап алғысы келгендей



моего отца... А теперь говорит, что, выхолостив буру, превратит его в атана! Отца моего убил не бура, а Пшенбай! Сейчас я кастрирую его самого. Пусти, говорю, пусти!

Оттолкнув визжащую мать, вцепившуюся в него сбоку, устремился на скотный двор.

К этим крикам и визгу присовокупилось и завывание его бабушки.

- О ком мне еще горевать-то!

- Разве в это время найдется крышка для ртов?

- Слышала, наша девушка, которую мы, спотыкаясь, еле-еле выдали замуж, в первую брачную ночь даже не вздрогнула. Оказалась нецеломудренной. Разве мог выдержать такое оскорбление тот горбоносый, красивый джигит с острым взглядом, – дал волю своей злобе. Отхлестав ее по одной, а затем по другой щеке... Опозоренная девушка, сварившись, в своей стыдобе сама кинулась под поезд, ревуший, словно бура во время гона.

- Зять наш на суде, говорят, даже не оправдывался. Сказал:

– Я прошу для себя то, что заслужил. Настоящим мужчиной оказался. – Распускали слухи аульные жители.

- Спасите, люди!

Выскочивший из среды пяти-шести мужчин Пшенбай, прикусив зубами свою душу и сверкая пятками, бежал стремглав со скотного двора.

Впавший в безумство, единственный сын покойного старика, размахивая огромным ножом, пустился за ним вдогон.

Удивленный бура застыл на месте, покрывши свою грудь белой пеной и жуя свою вечную жвачку.

Слабый ветер утих, небо заполонили густые тяжелые тучи. Лениво сгущаясь, словно верблюды, насытившиеся бурачком и жмущие друг к другу боками, приблизились к земле. Сероватый воздух опрыскивался сыростью. Охватившие все побе-



жағалауды көмкере біткен нар қамыстар үкілі басын тербеп баяу сыбдырайды. Қалың арасынан жылт етіп көрінген ашөзек түлкі ауыл жаққа тұмсығын төсеп иіс аулайды.

– Жон терің өрттей боп жанып ортамызда жүре бер, – деді торша бала өз-өзінен қамығып. – Сені ұстап алғанда қай мұратымызға жетерміз дейсің? Малақай кигенмен саудаға түскен шешемнің төбесі бүтінделмес.

Көптен бой үйретіп алған түлкі Тоқтышаққа қарай абайлап бір басып, екі басып қояды.

– Саған қандай жақсы! – деді торша бала түлкіге. – Жат боп кеткен әкең, жағаласып жатқан көршің жоқ. Атасынан қалған жаман тонды мектепке киіп барса мазақтап жүргізбейтін достарың жоқ. Тіпті өз ұятына өзі пісіп өлді дейтін ақ торғындай апаң да жоқ. Мұны бауырына қысып еркелететін жалғанда жалғыз адам сол еді ғой...

Айтары көп еді. Өксік кептеп, көз жасына тұншығып қалды. Жапалақтап қар түсе бастады. Күн көкжиектен құлап барады екен. Қараңғылық еркінсі бастапты. Өлгінде өзі көрместей боп қашып шыққан ауылға сараң басып келе жатты.

– Құлыным, үйге кір! Наурыздың ақша қары ғой бұл. Жауа түс! Жаусыншы, – деп қояды әжесі оң аяғын билете басып. Арқасындағы бір қап тезекті көтеріп еңістегі үйге еніп кетті...

Монтер ағасы бүгін тағы ішіпті. Қайыстай қара қатынымен кәнігі қаймалдасуы басталып кеткен екен.

– Жеті қыз таптың. Арасында бақа басты болса да бала жоқ, – дейді алдындағысын жайпап. Кесектеп атқан соң ыдыс-аяқ қирайды.

– Жапырағың жайылсын деп жаттым... Жазығым сол ма? Бала таптырсаң қой деппін бе?... Төркінімнен қызды қоралап айдап келіпін бе?..



режье густо растущие и толстые камыши, качая пушистыми головками, словно желая затянуться петлей вокруг пяти-шести домов, запертых у самого моря, тихо шелестели. Показавшаяся мельком в этой камышовой гуще голодная лиса пригнухивалась, направив мордочку в сторону аула.

- Живи дольше среди нас, светясь огнем своей шкуры на хребте, – молвил мальчик, непроизвольно опечалившись. – Какой мы можем достичь цели, выловив тебя. Хоть сошьет себе шапку наша мать-торговка, но от этого вряд ли ее голова встанет на свое место.

Уже давно привыкшая к Тоқтышаку лисица осторожно проделывает два-три шажка в его сторону.

- Как тебе хорошо! – обращался мальчик к лисе. – Нет у тебя ни покинувшего тебя отца, ни надоедливых соседей. Нет друзей, которые дразнят в школе, увидев тебя в изношенной шубе, оставшейся от деда. Даже нет сестры, «белой, как шелк», про которую рассказывают, что она погибла, сама, сварившись в своей стыдобе. В этой жизни только она одна, прижав к своей груди, лелеяла меня...

Хотел еще многое сказать, но, прервав свою речь всхлипываниями, задохнулся в собственных слезах. Снег стал валить хлопьями. Солнце уже закатывалось за горизонт. Вволю наступала темнота. Поплелся в аул, из которого выбежал с нежеланием возвращаться обратно.

- Жеребеночек мой, заходи домой. Это первый мартовский снег. Пусть валом валит, – щебетала бабушка, приплясывая на правую ногу. Растворилась, войдя в дом с мешком кизяка на спине.

Дядя-монтер сегодня снова напился. Снова поссорился со своей женой, чёрной, как кожаный ремень.

– Родила семь девочек. Нет среди них ни одного мальчика, пусть хотя бы с головой жабы, – возмутился он, круша все, что попадалось под руки. Раздался звон расшвыриваемой и разбитой посуды.

- Возлежала, чтобы распустились твои побеги... И это вся моя вина?! Разве я запрещала тебе родить сына... Разве я пригнала с собой отару девочек из отцовского дома?!



Тілі көсеудей қатын мына өшкен қоламтаны үр-
леп, тұтатып жатты.

– Томаршадай боп... Тобығың қисайып жүріп... То-
лағайдай ұл дәметіп... Басыңа көктас қойса көрер-
мін. Мықтаса бураға мініп Пішенбайды қуып кет-
кен әлгі жындысүрейдей-ақ болар... Әскербектен
ақыл сұра, кәрі қыздың есебін сол біледі...

– Жұрттың байында шаруаң не? Түбі айналып қа-
зығын табар, – деп, Жамиға үні тозып, тездетіп
есігін кілттеп алды.

– Сені мұқатайын деп емес. Мисал үшін айтып
жатырмын. Мисал...

Наурыздың ақша қары төпелей түсті. Бадана-
дай-баданадай жабысқақ, бауырмал қар екен.
Токтышақ аққала соғамын деп домалата бастады.

Томаршадай монтер ағасы аяғына тағы да тісті
темірін киіп алыпты.

– Кеттім, – деді ақырып. Бірақ кәрі қызы көп көр-
ші ауылға беттемейді. Үй жанында тұрған биік
бағана басына өрмелей жөнелді. Қатынына сөз
шақ келтіре алмағандағы дағдысы осы. Ілініп
алса бітті, бағанаға біткен жұдырықтай боп ас-
панға сес көрсетіп таңға дейін түспейді...

Ойынның қызығына кірген Токтышақтың бойы
жылынды. Қырдан еңіске домалай-домалай
әп-сәтте бес-алты аққала қатар тізді. Домаланып
тұрған бастың әрқайсысына сиырдың тезегінен
көз, мұрын, ауыз ойып жапсырды. Найзаның ор-
нына үкілі басын тербетіп тұрған бір-бір нар қа-
мыс ұстатты. Айқайлатып ат тақты. Қобыланды,
Алпамыс, Чапай, Бауыржан Момышұлы, Қасым
Қайсенов деп.

– Ертең жорыққа бірге шығамыз. Мені мұнда та-
стамай а-лыс-қа алып кетіндерші, – деді Токты-
шақ ынта-шынтымен сеніп. – Ешкімді де көргім
келмейді.

Түсінде батырларын ертіп түнімен сойқан соғыс
салған Токтышақ сәскеде бір-ақ ояңған. Кешегі
қазбауыр бұлттар ауа көшіпті. Айналада жылы



Женщина с языком-кочергой, шуруя угасающий
огонь, снова разжигала его.

- Лежал, как бревно... Со своими кривыми щико-
лотками... Еще хочет сына, сильного, как ураган.
Посмотрел бы я, как у твоей головы поставят над-
гробный камень. Самое больше, кем бы он стал, –
таким как этот погнавшийся за Пшенбаем псих...
Попроси совета у Аскарбека, он лучше знает тай-
ны старой девы...

- Какое у тебя дело до чужого мужа? Вернётся
ещё, быть может, назад, – проговорила усталая
Жамига и быстро заперла дверь на засов.

- Не для того, чтобы унижить тебя. К примеру, го-
ворю, к примеру...

Первый мартовский снег валил хлопьями. Круп-
ными-крупными, липкими. Токтышақ, решив сле-
пить снежных баб, стал катать мокрые комья.

Дядя-монтер снова нацепил на ноги свои желез-
ные когти.

- Ухожу, – проревел он. Но не пошел в сторону со-
седнего аула, где было много «старых дев». А стал
на своих «когтях» карабкаться на вершину столба,
стоящего рядом с домом. Это уже стало привыч-
кой, обычно он лез на столб тогда, когда уже не
мог справиться со сварливой женой. Как только
зацепится, так все, словно кулак, образовавшийся
на столбе и угрожающий небу, не сходит с него до
утра...

Увлечшись игрой, Токтышақ согрелся. Катая с
горки снежные валуны, за короткое время постро-
ил в ряд несколько снежных фигур. На головах
каждой из них, вырезав дыры, прилепил из коро-
вьего помета глаза, рот, уши. Вместо копий вру-
чил каждой по одному толстому камышу с пуши-
стыми колыхающимся головками. Громко крича,
дал каждой имена: Кобланды, Алпамыс, Чапай,
Бауржан Момышұлы, Касым Кайсенов.

- Завтра вместе отправимся в поход. Не покидайте
меня здесь, заберите с собой далеко-далеко. Нико-
го не хочу видеть.

Всю ночь, ведя за собой своих батыров, ввергая
их в жестокую битву, Токтышақ проснулся лишь
поздним утром. Густые вчерашние тучи унесли



леп есіп, кемпіршуақ ойнайды.

Көрші ауылдан бері қарай көсіле шауып келе жатқан қара қанденге көзі түсті. Көз ашқаннан қолын жалатып өсірген ерлі-зайыптының неге ажырасып кеткеніне әлі түсінбей дал.

Екі жылдан бері екі ортаны жол ғып бітті. Қыстың ақшұнақ аязы, шіліңгір шілденің ми қайнатқан ыстығы қаперіне кірмес. Жамиға жеңгесінің ита-яғын бір жалап, Әскербектің жаңа отауына асығыс аттанады.

Барып жас тоқалдың сұйқылтым жуындысын ішеді. Иесінің аяғына оратылып жүріп бір қонады да, кері құйындай ұшады.

Сөйтіп жүріп Жамиға жеңгесінен: «Иә, тоқал тамағыңды тойдырды ма? Сен де қолына кіріп алмадың ба?» – деген сөз естіп жатады.

Әйтеуір қызметі қауырт. Бауырын төсеп шапқанда сынық сүйемдей аяғы жазылып, алқынады. Көзіндегі мұң төгіліп-төгіліп кете жаздайды.

– Осы ит түбі сағыныштан өлетін шығар, – деді Тоқтышақ әжесінің сөзін қайталап. – Кел, келе ғой. Сүт құйып берейін. Аңқаң кепті ғой, жазған!

Төбеден қанатын сусылдатып бір топ торы ала қаз ұшып өтті.

– Жорыққа аттанамын, қара қанден, – деді бала сүтті қауып ішіп жатқан итке қарап.

– Менімен бірге жүр. Алдымен кәрі қызы көп ауылды шабамын. Сенің өшінді әперемін. Сосын шешеме сауда жасатып жіберген жылмаңтөс көселерді, мұртын сылаған сырбаздарды, қаба сақал қараларды...

Аулақта бура күркіл қағып шабынып, тісін сақсақ қайрайды.

– Жүр, батырларға барайық!



по ветру. Солнечные лучи, разыгравшись, окутали все вокруг теплынюю.

Взгляд упал на черную шавку, несущуюся во весь опор с соседнего аула. До сих пор не может понять, почему же эта супружеская пара, на руках которой, облизывая их, она росла с момента своего рождения, разошлась.

За два года она уже протоптала тропу между этими двумя селениями. Ни лютый зимний мороз, ни июльская жарящая мозги жара, не действуют на нее. Облизав собачью миску у Жамиги, тут же спешит бежать к новому дому Аскербекка.

Прибегает туда и лижет жидкие помои новой жены. Целый день, путаясь под ногами хозяина, ночует у него, а затем снова, как пыльная буря, несется к хозяйке.

Еще слышит упреки тетушки Жамиги: «Ну, накормила тебя старая дева? И ты тоже, не хочешь ли приютиться у нее?»

Словом, работа у нее важная. Когда бежит, стелясь по земле, тогда и ноги ее, напоминающие кривые обрубки, напрягаясь, выпрямляются. Тоска в глазах такая что, как будто, вот-вот готова пролиться.

- Эта собака, в конце концов, умрет, наверное, от тоски, – повторяет слова бабушки Токтыкшак. – Иди, ну иди же. Налью тебе молока. Глотка совсем высохла, несчастная.

В небе, размахивая крыльями, пролетала стая сизо-серых гусей.

- Отправляюсь в поход, черная собачка, – говорил мальчик, глядя на собаку, спешно лижущую молоко.

– Пойдем со мной вместе. Сначала нападу на аул, где много старых дев. Отомщу за тебя. Потом на тех, кто вынудил мою мать уйти в торговлю, – безбородых пройдох, молчунов-усачей, чернолицых и чернородых дядек...

Бура в загоне, пытаясь вырваться, хрипел и скрежетал зубами.

- Пойдем, пойдем к батырам.



Бала мен кара қанден жетектесіп үй сыртына беттеді. Бұл кезде Қобыланды да, Алпамыс та, Чапай мен Бауржан Момышұлы да, тіпті Қасым Қайсенов те жартылай еріп жантая құлаған. Ер Чапай ғана аузындағы сиырдың тезегімен тістесіп жатыр. Қамыс найзалар шашылып түскен.

– Мен сендерге сеніп едім ғой, – деп Тоқтышак бақырып жылап жіберді. – Батыр емес пе едіңдер?.. Барар жерім жоқ. Панам қалмады. Көңілім тозды...

Қалың қамыстан шығып, жон терісі өрттей боп жанған түлкі торша баланы өзіне қайта-қайта шақырып тұрды.

Мальчик и черная моська, следуя за ним, пошли за дом. В это время и Кобыланды, и Алпамыс, и Чапай с Бауржаном Момышұлы да и Касым Қайсенов, наполовину растаяв, были повалены набок. Только герой Чапаев все еще, кусая кизяк во рту, боролся со своей кончиной. Камышовые копья лежали разбросанно.

- А я верил в вас, – плача, заревел Тоқтышак. – Разве вы не герои... Некуда мне идти. Не осталось у меня приюта. Нет никакого желания и сил моих...

Выйдя из густых камышей, лисица, горя огнем своей шкуры на хребте, без конца подзывала мальчика к себе.

